

## Ә. Жангелдин атындағы орта мектеп

**Тақырыбы:**

**«Бала өмірінің қауіпсіздігіндегі ата-ана рөлі»**

**(ата-аналар жиналысы)**

**2023 оқу жылы**

## Хаттама

Ә. Жангелдин орта мектебінде «Бала өмірінің қауіпсіздігіндегі ата-ана ролі» атты 9-11 сынып ата-аналармен жиналыс өтті.

Өткізілген күні: 3.12.2023 оқу жылы

Қатысқан ата-аналар саны: 25

### Қатысушылар

1. Мектеп директоры А.А. Султанова
2. Туkenова Шынар Кадимовна –Қалалық білім бөлімі әдіскер психолог маманы
3. Сейіт Ақбота Асылханқызы - Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығының суицидолог маманы
4. Мектеп психологтары М.С. Тулендиевна И.А.Жарасовна

Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері

**Мақсаты:** Ата - аналарға бала тәрбиесі жөнінде, әрі отбасында жақсы тәрбие берілуіне ықпал ету, өз баласын жақсы тану, көмек және кеңес беру, ата - аналардың педагогикалық - психологиялық білімін көтеру, басты байлығы - баласы екеніне кеңес беру.

### Күн тәртібінде:

1. Ата-анаға білім алушылардың ерекшеліктерімен психо-педагогикалық қызметі туралы таныстырды.
2. «Жасөспірім мен бала арасындағы қарым-қатынас» туралы ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізді.
3. «Балалар арасындағы келеңсіз жағдайдың алдын –алу»
4. Тренинг

### Тындалды:

Мектеп директоры А.А.Султанова

Ата-анаға білім алушылардың ерекшеліктерімен психо-педагогикалық қызметі туралы таныстырды. Бала өмірінің қауіпсіздігі ата-ананың басты міндетті болып табылады. Жасөспірімдер арасында келеңсіз оқиғалардың орын алуда. Көбінесе ата-ана жұмыста болып, бала үйде жалғыз қалатын кездер болады. Балаға техника қауіпсіздік ережелерін ескертіп отырған абзал үйде жалғыз болғанда, бөтен адамдарды үйге кіргізбеу керек, көшеде көшеде беймезгіл уақытта қалмауға тырысу, көшеде танымайтын адамдармен әңгімелеспеу және онымен қараңғы жерлерге, адамдар жоқ орындарға және т.б. жерлерге бармау мәселелері туралы түсіндіріп өтті.



## Сейт Ақбота Асылханқызы

Біздің заманда мұндай жағдайлардың орын алуы күннен-күнге көбейіп барады, әсіресе балалар арасында. Суицид бұл сөз тек ата-аналар мен ұстаздарды ғана үрейлендіріп қоймайды барлық елді алаңдатуда. Бұл түсінікті, себебі, олардың біреуі де осы проблемамен жұмыс жасау үшін толық дайындық алған жоқ. Бірақ, өмірдің өзі балалар суициді мен оның алдын-алу туралы білімнің маңыздылығын көтеруге тура келтіріп тұр.

### Өзін-өзі өлтіруді үш түрге бөледі:

Бірінші, анық күйзелістік жағдайдан соң, өмірдің мәнін жоғалтып, адам өзін ұзақ уақыт өлімге дайындайды.

Екінші, жасырын суицид, адам өзін өлімге арнайы дайындамайды. Тек саналы түрде тәуекелге бел буу күтпеген өлімге алып келеді.

Үшінші, басқалардың көзінше ашық түрде өлімге бет бұру. Бір нәрсені дәлелдеу үшін, біреуге ерегісу.

### Ата-аналарға

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы төмендегі сұрақтарға жауап беру:

1. Қазақстанда неге адамдар суицидтке көп барады?
2. Қазақстандағы суицидті азайту үшін қандай амал қолданар едіңіз?
3. Суицидке адамдарды қандай амалдар итермелейді?

## С-Махмутова -мектеп психологы

Әрбір ата-ананың міндеті – баласында болып жатқан өзгерістерге ден қою, оның ішкі уайымдарына мейірбандықпен қарау. Сонымен қатар баламен сөйлесуге әрдайым дайын болыңыз. Баланың өз еркі болмаса күштеп сөйлесуге мәжбүрлемейсіз. Бірақ әрқашан жанында болыңыз және онымен әңгімелескенде әрқашан ашық болыңыз. Бала үндемей ме, ақтарылып сөйлеспей ме? Ренжімеңіз. Бірақ егер жасөспірім бір жағдаймен бөліскісі келсе, оны ықыласпен тыңдаңыз, сұрақтар қойыңыз, қолдау білдіріңіз. Балаға дауыс көтермей байсалды сөйлесіңіз, төзім мен ұстамдылық сақтауға тырысыңыз. Ж. Ж. Руссо: «Бала туғанда ақ қағаздай болып таза туады, оның үстіне шимақты қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі де сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді» - дей келе ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасты жақсарту керек екені айтылды. Ата-аналарға бейне ролик көрсетіліп, сұрақ-жауаптармен бөлісті. Сонынаң «додокаэрд» әдісімен тренинг өткізілді.

### Қаулы:

1. Ата-ана бала өмірінің қауіпсіздігіне немғұрайлы қарамау.
2. Мектеп оқушыларының мектепте болған уақыттағы өмір қауіпсіздігі қатаң бақылауға алынып, сапалы білім мен саналы білім алуына көңіл бөлінсін.

Хатшы:  Исмагулова А.Ж.





Ә.Жангелдин атындағы орта мектеп

**«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»**  
(ата-аналар жиналысы)



## Хаттама

Ә.Жангелдин орта мектебінде жалпы ата-аналар жиналысы өтті.

**Тақырыбы:** «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»

**Күні:** 25.11.2023ж

**Уақыты:** 10.00

**Қатысқан ата аналар саны:** 47

**Мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері**

**Күн тәртібінде:**

1. Ата-аналарға жасөспірімдер арасындағы «Зорлық –зомбылықсыз балалық шақ» туралы ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
2. Буллинг және Кибербуллингті алдын алу.

**Тыңдалды:**

**Мектеп директоры. А.Султанова**

Адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіріп және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін мысалға ала отырып, оқушыларға толеранттылық туралы мағлұмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы адами қасиетті сақтауға әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу керектігін баса айтты.

Қалай зорлық-зомбылыққа душар болмау? Көшеде түнгі беймізгіл уақытта қалмауға тырысу, көшеде танымайтын адамдармен әңгімелеспеу және онымен қараңғы жерлерге, адамдар жоқ орындарға және тағы басқа жерлерге бармау. Егер сізге тұрмыстық зорлық-зомбылық қауіп төндірсе, үйден кетіп қалуға тырысу, ертерек қашып кетуге сумкенді дайындау, тиісті құжаттарымен бірге, көрші көлемдермен сөйлесу, айқай шу шығарғанда келу және полицияға хабарлау. Сондықтанда балаға мынаны түсіндірген жөн:

- Үйде жалғыз болғанда, бөтен адамдарды үйге кіргізбеу керек;
- Бөтен біреудің машинасына отырмау, қыдырып жүрген бөтен адамдардан тәтті, сыйлықтар алмау керектігін үйрету қажет;
- Көшенің қараңғы жерлерінен, көпшілік жүрмейтін саябақтар мен стадиондардан аулақ жүруге үйрету сынды мәселелерді түсіндіріп өтті.



### **С.Махмутова-мектеп психологы**

Буллинг дегеніміз туралы - адам құқығының өрескел бұзылуы. Сонымен қоса бір адамның немесе адамдар тобының екінші адамға қасақана және үнемі зиян келтіруі екендігі айтылды. Кибербуллинг – адамды интернетте, әлеуметтік желі мен түрлі мессенджерлерде қорқытып, зорлық көрсету. Кибербуллингке кез-келген адам тап болуы мүмкін. Бірақ бұл тәсілмен шабуыл жасайтындар негізінен кәмелет жасына толмаған мектеп оқушыларын нысанаға алады. Өйткені, қорғансыз балалар қорыққанынан өзіне қысым жасалып жатқаны туралы ешкімге айтпайды. Тіпті ата-анасы мен жақындарына тіс жармай, шабуылшының айтқанынан шықпайды. Ғаламтордағы қауіп-қатермен күресте ата-ананың рөлі маңызды. Сондықтан, ата-аналарға интернеттегі қауіп туралы айтылып, мінезіндегі кез-келген өзгерісті бақылау ұсынылды. Ата-ана баласының интернеттен не көретінін біліп жүруі керек. Олар түрлі ресурсты қолданады, сөйлеседі, видео көреді.

Осындай жағдайлардың барлығын да ата-ана үнемі назарда ұстау керек, бақылауда ұстау керектігін айтты.

Үнемі кіммен сөйлесетінін сұрап, бейтаныс адамдардың хатына жауап бермегені дұрыс екенін айту қажет. Әрбір ата-ана өз ұл-қыздарының күмәнді желілерге кіріп, қаскөйлердің құрбаны болғанын анықтаса, оларға ұрыспай, барынша қолдау көрсеткені жөн. Балаға оны түсінетінін жеткізе отырып, оны жұбату қажет. Сонымен қатар ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға күш салу керектігі аталып өтілді.


### **Сөйлеушілер:**

#### **Г.Шаяхметова-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары**


Мектеп оқушыларының жалпы тәрбиесі туралы, мектеп формасы туралы, қыз балалардың әдебі туралы айтып өтті. Екі кезеңде де оқушылардың сабаққа кешікпеу керектігін, сабақтан себепсіз қалдырмау керектігін ата-аналарға баса айтты.

#### **Қаулы:**

1. Оқушылардың мектептен тыс уақытта, және ғаламтордағы қауіп-қатермен күресте ата-ананың рөлі маңызды екендігі ескерілсін.
2. Мектеп оқушыларының мектепте болған уақыттағы өмір қауіпсіздігі қатаң бақылауға алынып, сапалы білім мен саналы тәрбие алуына көңіл бөлінсін.

Хатшы:  С.Турланова







## Ә.Жангелдин атындағы орта мектеп

### «Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз жағдайлардың алдын-алу» (ата-аналармен)

2024 оқу жылы

## Баяндама


**Тақырыбы: «Суицидтің алдын алу жолдары»**

**Мақсаты:** Ата-аналарға оқушылардың күйзелістеріне қарсы тұруға қылмыстық істердің адам өміріне тигізер әсері, келешек өмірлеріне оның зардаптары туралы түсіндіру.

Құрметті ата-аналар! Бүгінгі таңда бізді ойландыратын өзекті мәселелердің бірі - бұл адамның өз-өзіне қол жұмсауы (суицид). Соңғы кездері кейбір үлкендердің, жастарымыздың психологиялық күйзелісті (стресс) бастан кешіріп жүргенін жиі кездестіреміз. Психологиялық ауруы асқына берсе, ол адамның өмірге деген құштарлығы жойылады, өлімнен басқа мына әлемнің ешқандай проблемасы қызықтырмайды. Бұл дерттен айығуға ұзақ уақыт, психологиялық тұрғыдан көмек керек.

Өз-өзіне қол жұмсау әрекеттерге барудың негізгі психологиялық факторлары: көңіл-күйдің төмендігі, жақын адамның өлімі, жанұядағы келеңсіз жағдайлар (түсініспеушілік, қызғаныш, алдану, т.б.), бопсалау, әлімжеттік жасау, қорқыту, қаражатқа байланысты қиыншылықтар, бақытсыз махаббат, сексуалдық сәтсіздік т.б. Осы жағдайларды басынан кешкен жандар өз-өзіне қол жұмсап, сәл қиындық кездесе кейбір жастарымыз шыны сияқты шытырлап сынып қалуға, ажалды еш үрікпей күтіп алуға әзір тұрады. Жүйкесі жұқарған ұрпақтың қатерлерге қарсы тұра алмайтыны мәлім. Бүгінгі таңдағы өте салмақты мәселеге айналған осынау дертті әркім әрқалай қабылдап, өз алдына топшылайды. Бірі - заманның өзгеруі десе, екіншілері - әлеуметтік жағдайдың қиындығынан, не болмаса, денсаулықтың салдарынан деп таниды. Адамның өмірден баз кешіп, өзіне қол салуға баруының негізгі себебі психикасының бұзылуынан деп жатады. Суицидтің белең алуына қарап, жалпы қоғам психикасының әлсірегенін сезуге болатындай. Бізде ақыл-ойы, жүйкесі зақымданған адамдар ғана өз-өзін өлтіреді деген қате түсінік қалыптасып қалған. Ал шындығына келеек, суицид оқиғасы психикасы бұзылып, ойлау жүйесі сыр берген жандардың арасында емес, керісінше дені сау адамдар арасында көптеп кездеседі. Қоғамда кең айтылатын пікірге сүйенсек, психикасы сау адамдар өмірден түңіліп, қиыншылықтарға душар болғанда осындай қадамға барады. Мұндай жағдайлар адам өмірінің кез келген кезеңінде байқалады. Соның ішінде жасөспірім кезеңін алып қарайтын болсақ, мұнда суицидалдық мінез - құлықтың кейбір өзгешеліктері болады. Жасөспірімдер арасында ересек балаларға қарағанда өзін - өзі өлтіруге әрекет жасау жиі кездеседі. Бірақ олардың азғана бөлігі өздерінің қойған мақсатына жетеді. Әсіресе, 13-17 жас аралығындағы жасөспірімдер өте әсершіл, кез-келген нәрсені жүрегіне тез қабылдағыш келеді. Түсіністік болмаған жағдайда осы жас аралығындағы балалар түрлі жағдайларға ұрынып жатады. Олардың сабаққа құлқы болмай, өзге оқушылармен де қарым-қатынасы нашарлап кетеді. Өзін ұстауы мен мінез-құлқында өзгерістердің орын алуы мұғалімді де, ата-ананы да алаңдатуы тиіс. Осы өзгерістерге бей-жай қарамай, психологтың көмегіне жүгіну арқылы көптеген проблеманың алдын-алуға болады. Сондықтанда ата-аналар балаларымызды үнемі жақсы сөз айтып, үнемі қолдау көрсетіп, құшақтап, бала жүрегіне мейіріммен қарап, жүрегіне ақау түсірмей әруақытта қадағалап отырайық





Ә.Жангелдин атындағы орта мектеп

Тақырыбы:

**«Жарқын болашақ иесі – бүгінгі жас маман»**

Қызылорда облысының Қызылорда қаласындағы Ә.Жангелдин атындағы орта мектепте 2023 жылғы Атырау айындағы «Жарқын болашақ иесі – бүгінгі жас маман» тақырыбындағы іс-шаралардың нәтижесінде оқушылардың білімдерін, дағдыларын және қызығушылықтарын арттыруға бағытталған. Оқушылар өздерінің болашақ мамандықтарын таңдауға және оған қажетті білімдерін алуға мүмкіндік алды. Іс-шаралардың нәтижесінде оқушылардың білімдерін, дағдыларын және қызығушылықтарын арттыруға бағытталған. Оқушылар өздерінің болашақ мамандықтарын таңдауға және оған қажетті білімдерін алуға мүмкіндік алды.

Атырау 2023ж



Тақырыбы: «Жарқын болашақ пәсі-бүгінгі жас маман»

**Мақсаты:**

Педагогтардың «Мен педагог» позитивті концепциясын, коммуникативті дағдыларын қалыптастыруға, жаңа ортаға бейімделуіне, басқа адамдарды түсінуге, психологиялық қолдау көрсетіп, дамыту.

**Міндеті:**

Бір – біріне деген сенімділік, адамгершілік қатынасын қалыптастыру

Психологиялық қолдау көрсету

Шығармашылыққа бағыт беру

**Психолог:**

Құрметті жас мамандар, әріптестер, бүгін сіздермен ұйымдастырылып отырған психологиялық тренингке қош келдіңіздер!

Ұстаздарға өз қызметтерін аянбай, алаңсыз жүргізуіне ұшқыр ой, алғыр зейін, ашық көз, ояу көкірек керек екені даусыз. Біздің кездесулеріміз ендігі жерде тұрақты болады деп сенемін!. Бүгін біз бір - бірімізбен жақынырақ танысатын боламыз. Ішкі барьерлерді алып тастауға, толқуларды сабырға түсіруге, оң зарядтар алуға тырысамыз. Бүгінде мұғалімдік сара жолға қадам басқан жас ұстаздарға сәттілік тілей отырып, тренингімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

Біздің сіздерге ұсынатын бірінші жаттығуымыз - бой сергіту. Ол бізге аздап денені ширатып, күш қосып алуға, сөйтіп жұмысқа жаңа жігермен кірісуге көмектеседі. Бір - бірімізді жақсырақ білу үшін оған жағдай жасауымыз керек.

**Бимен кіру (пингвин әдісі)**

Көңілді әуен арқылы залға қруттың көмегімен билеп кіру. Келіп шеңбер жасап тұру.

**2. Таныстыру**

Бүгінгі тренингімізді таныстырудан бастайық. Әркім өз есімін айта отыра, өзін мақтап бір кимыл жасайды. Шеңбер қайталайды. Осылайша шеңбер бойымен жалғасады.

**3. Би терапиясы**

Мақсаты: Өзімізді еркін ұстауға, бойдағы стресті шығаруға және де физикалық, психикалық тұрғыдан денсаулыққа өте пайдалы болып саналады.

**4. Белгі бойынша сапқа тұру**

*Бойының ұзындығы бойынша*

*Аяқ киім өлшемі бойынша*

*Шаштың ұзындығы бойынша*

*Есімінің бірінші әрпі бойынша*

*Жасы бойынша*

*Туған күн, айы бойынша*

Нұсқау: Құрметті қатысушылар қазір мен сіздерге бір біріңізді жақсы тану мақсатында осы жаттығуды жүргізгелі отырмын. Жаттығу барысы бойынша қазір ең бірінші талап бойынша бойларыңыздың ұзындығы бойынша бір сапқа тұру керексіз, оңнан солға қарай ең бірінші бойы ұзын, одан кейін екінші ұзындығы бойынша, одан кейін үшінші бой бойынша соңына дейін дұрыс тұруларыңыз керек. Жарайсыздар бірінші талапты жақсы орындадыңыздар. Енді екінші талап аяқ өлшемдері бойынша тұру қажет, оңнан солға қарай аяқ мөлшері ең кішкентайдан бастап саптың соңында аяқ мөлшері ең үлкені тұрады. Сапқа тұрып болғаннан кейін, оңнан солға қарай бәрінен психолог сұрап шығады аяқ мөлшерін. Бәрінің дұрыс тұрғанына көз жеткізеді. Егер қателесіп арасында үлкен мөлшері алдында тұрса өзінің мөлшері бойынша тұру ұсынылады. Сол сияқты барлық белгілер бойынша сапқа тұрғызып шығады. Ойын өте әсерлі әрі қызық өтеді. Мақсаты адамдар бір бірімен қарым қатынасқа түсу. Қате тұрып қалғаны маңызды емес, маңыздысы адамдар бір бірінен сұрап сұхбатқа түсу болып табылады.

*мом, а болу*

**5. Ұстаздардың сезіміне психологиялық бақылау.**

Сол суреттерге қарап, суретті сөйлету керек.

1 – топ Ақ қағазға сызылған төртбұрыш ішінде қара нүкте орналасқан.

(Ортасында қара нүктесі бар үлкен ақ кеңістік. Бұл бала алғаш дүниеге келгенде осы ақ қағаздай пәк болып келеді, сол қағазға ата анасымен бірге біздер, яғни ұстаздардың салған бейнесі, яғни берген тәрбиесі мен білімі қаншалықты дұрыс екенің, сол нәтижемен салыстыруға болады.)



2 – топ Жарқын шуағын төккен күн астында әр ұлттың балалары қол ұстасып тұрғаны бейнеленген.

(Ұлты басқа болғанмен, бұл балалардың жан дүниесі бірдей, сондықтан ұстаз оларға күннің сәулесіндей, бірдей мөлшерде мейірім шуағын төгеді.)

3 – топ Түнгі аспан, жымындаған жұлдыздар, жарығы сөнбеген бір үй бейнеленген.

(Түн. Айнала жым жырт. Аспанда жымындаған жұлдыздар. Түгел ел ұйқыда. Бірақ бір ояу кісі бар. Бұл – мұғалім. Ол қанша жыл ұстаз болғанымен мектепте де, үйде де ертеңгі сабағына жауапкершілікпен дайындалып отыр.)

#### **6. «Шашу» жаттығуы ламбада муз**

Қатысушылар түрлі түсті қағазды таңдап алып, бөліп ортаға шашады. Түс бойынша топқа бөлініп, қандай да бір бейне жасап шығару.

#### **7. «Жемістермен ұрысамыз»**

**Мақсаты:** Вербальды агрессияны шығару.

**Барысы:** Жаман сөзбен емес, жемістермен ұрысуды ұсынамыз. **Мыс:** «Сен- қиярсын», Ал сен асқабақсын

Ал соңында осы айтылған жеміс көкөністердің жақсы жақтарын айтып өтеміз. **Мысалы Асқабақ өте пайдалы құрамында көптеген витаминдер бар т.б.**

#### **8. Ойын: «Өз жұбыңды тап»**

Қатысушыларға жазуды теріс қаратып, қалаулары бойынша парақ таратылады. Парақтарда белгілі өлеңнің және әннің сөздері жазылып тұрады.

**Нұсқау:** Әр қатысушы бөлмеде өлеңнің сөздерін, әннің әуенін айтып бөлмеде жүріп, әнді табу арқылы жұптасады.

#### **9. «Болашақтан хат» тренингі**

Қатысушыларға стикерлер таратылып, оның ішіне алдағы 5-10 жылдан кейін өзіңізді кім және қандай жетістікте көресіз соны жазасыздар, болғаннан кейін оны шарға салып, үрлеп жоғарыға ұшыру арқылы бір-бірлеріңізге бересіздер. Қолға түскен шарды жарып ішінен хатты алып болашақтан қандай сый келгенін оқисыздар. Бұл сіздерге көңілді күй сыйлайды деген үміттемін.

#### **10. Топтық жұмыс «Үй тұрғызу» жаттығуы**

Спагетти беріп, пластилин арқылы үй тұрғызу. Сергіту арқылы еркін әрекет етуге үйрену.

Ұйымшылдықты байқау

#### **Психологтың қорытынды сөзі:**

Әрбір жас маманның жаңаша жұмыс істеп, үнемі ізденісте болуы бүгінгі күннің талабы болса, мектептегі басты тұлға – Мұғалім.

Б.Алтынсарин сөзімен айтсақ, «Мұғалім – мектептің жүрегі» демекші сіздердің әрқайсысыңыз мектептің жүрегі бола берулеріңізге тілектеспін. Өздеріңіз таңдаған кәсіби мамандықтарыңызды ары қарай дамытып, жоғарыдан көріне беріңіздер деп, тілек айтамын.



## Анықтама

Ә.Жангелдин атындағы орта мектебінде 2023жылдың 31 қазан айында «Жарқын болашақ иесі-бүгінгі жас маман» тақырыбында мектебіміздің жас мамандарымен психологиялық тренинг өтті.

**Тренинг мақсаты:** Педагогтардың «Мен педагог» позитивті концепциясын, коммуникативті дағдыларын қалыптастыруға, жаңа ортаға бейімделуіне, басқа адамдарды түсінуге, психологиялық қолдау көрсетіп, дамыту.

**Тренинг міндеті:** Бір-біріне деген сенімділік, адамгершілік қатынасын қалыптастыру, психологиялық қолдау көрсету, шығармашылыққа бағыт беру.

Тренинг барысында қатысушыларға жағымды қарым-қатынас орнату мақсатында көңілді әуен арқылы «Пингвин әдісі», «Белгі бойынша сапқа тұру», «Ұстаздардың сезіміне психологиялық бақылау», «Шашу жаттығуы», «Жемістермен ұрсамыз», «Өз жұбыңды тап», «Болашақтан хат», «Үй тұрғызу топтық, тренинг жұмыстары жүргізілді. Тренинг барысында қатысушылар өте белсені, көңілді, жауапкершілікпен қатысты.

Тренинг соңында қатысушылар өз ұсыныстары мен тілектерін айтып, алғыстарын білдіріп көңілді тарады.


Мектеп психологтары

*Махд*  
*Исмағұл*

С.Махмутова

А.Исмағұлова







Ө.Жангелдин атындағы орта мектеп

«Ерте бастан жүктілік»  
(қыздар жиналысы)

2023 ЖЫЛ

# Ә.Жангелдин атындағы орта мектебінде өткізілген кездесудің

## Хаттамасы

Атырау қаласы, 12 қыркүйек 2023ж

**Өткізілген орны:** Ә.Жангелдин атындағы орта мектебі, физика кабинеті

**Қатысушылар:** 9-10-11 сынып

№4 Қалалық емхананың акушеркасы Бекмухамбетова Альфия және психологы Мұрынова Зульфия, мектеп психологтары Исмагулова Айгүл, Махмутова Самал, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тұрланова Сәулеш, педагог, ұйымдастырушы, тәлімгер, мектеп медбикелері Нугурова Айнагүл, Ғалымжанова Самал.

**Қатысушылар саны:** 72

**Тақырыбы:** «Ерте бастан жүктілік»

**Жиналыстың мақсаты:** Ерте жүктіліктің алдын алу мәселесін түсіндіру және қыз балалардың бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, инабаттылық, ептілік, кішіпейілдік т.б жан-жақты ұлттық қасиеттерін таныту.

### Күн тәртібі

#### 1. «Ерте бастан жүктілік»

Тыңдалды:

#### 1.С.Тұрланова-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жиналысты ашып, жиналыстың күн тәртібімен таныстырды. Қазіргі уақытта көптеген келеңсіз жағдайлар болып жатқанын білесіздер. Соған байланысты әр адам сақ болған жөн. Қоғамдық жерлерде өздеріңді тәртіпті, әдепті ұстандар. Осы мәселелердің орын алмауын алға тарта отырып, күн тәртібіндегі мәселе қылып айтты.



## 2. №4 Қалалық емхананың акушеркасы Бекмухамбетова Альфия

Атырау облысының №4 қалалық емханасының акушері Бекмухамбетова Альфия және психологы Мұрынова Зульфия, мектеп психологтары Исмагулова Айгүл, Махмутова Самал қыз балаларға дәріс оқыды. Дәрігердің түсіндіруінше, қыз балалардың дене мүшелері 18 жасқа дейін қалыптасып, өседі. Ағза толық жетілмеген кезде жыныстық қатынасқа түсу де, жүкті болып қалып, босануы да өте ауыр болады, денсаулығына зиянын түсіреді. Ерте жүкті болып қалған қыздарда жиі кездесетін аурулар: аяқтың күп болып ісінуі, қан қысымының көтерілуі, ашуланғыштық, жүйке күйзелісі, ұйқысыздық пайда болады. Дәрігер-акушеркіге қыз балалар тарапынан сұрақтар қойылып, өз жауаптарын алды.

**Жасөспірім қыздар ең алғаш рет қандай жағдайда жыныстық қатынасқа түседі, оған не себеп болады,** деген сауалға дәрігерлер мен психологтар мынадай жауап қайтарды. Жасөспірімдердің алғашқы жыныстық қатынасқа түсуіне олардың анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері де, отбасындағы, мектептегі тәрбиесінің нашарлығы да, өмір сүретін өңірі, ортасындағы жағдай да, өзінің жыныстық қатынасқа ерте құмартқан белсенділігі де, теледидар, кинотеатрлардан порнографиялық фильмдерді жиі көруі де себеп болады.

Сонымен қатар өзіміздің мектеп психологтары қыз балаларға “**Өз ойыңды жалғастыр**” атты сауалнамаларын жүргізіп, оқушылардың ой-пікірі, даму қабілеттері қандай екендігі анықталды.

**Жиналыстың хатшысы:**



